

Лебяжі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2017 жылға Лебяжі ауданының ұйымдарында жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" № 307/12 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 1-12/139 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 маусымда № 5524 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2017 жылға Лебяжі ауданының ұйымдарында жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 307/12 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5338 болып тіркелген, 2017 жылғы 21 қаңтарда аудандық "Аққу үні - Вести Акку" газетінің № 2 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Әйткенов